

БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

Мен және табиғат. Е дыбысы мен әрпі

ЖАРИЯЛАНДЫ
18.02.2020

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/49456/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Күні: 07.12.2018ж Сынып: 1 «Ә» Пәні: Сауат ашу Мұғалімі: Базылова Н.М.	Қатысқандар саны: 15 Қатыспағандар саны: 0
Сабақтың тақырыбы	Мен және табиғат. Е дыбысы мен әрпі.
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіріп буындарға бөлу. 1.2.1.2 оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану. 1.1.8.1. Берілген сюжетті сурет пен сызба бойынша шағын әңгіме құрау.
Сабақтың мақсаттары	Барлық оқушылар үшін: Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратады алады және дыбыстап буынға бөледі. Оқушылардың көпшілігі үшін: берілген суреттер бойынша сөздерді буындап оқиды, жиі кездесетін сөздерді түсініп тұтас оқиды. Кейбір оқушылар үшін: Сюжетті суреттерді мазмұнына сай ретімен орналастырады. Сюжетті суреттенке сай келетін заттар атауын теріп жазады.
Жетістік критерийлері	1. Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратады алады және дыбыстап буынға бөле алады. 2. тақырыпты түсініп, тыңдап. Жетекші сұрақтар арқылы талқылайды, талдайды. 3. Сюжетті суреттерді мазмұнына сай ретімен орналастырады. Сюжетті суреттерге сай келетін заттар атауын теріп жазады.
Құндылықтарды дарыту	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу. Табиғаттағы заттарға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Еңбек және шығармашылық
Пәнаралық байланыс	АКТ, Дүниетану, математика
АКТ қолдану дағдылары	Аудиожазба, таныстырылым.
Тілдік құзыреттілік	Е дыбысы мен әрпі.
Сабақ барысы	
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет
	Ресурстар

<p>Сабақтың басы Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру 5 минут</p>	<p>Психологиялық ахуал орнату: Қол ұстасып біз бірге, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрындар шеңберге. Қандай жақсы бірге жүру, Достарымен сабақ оқу. – Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш! (Ү) Алфавиттік жұмбақ шешу: аудио жазба тыңдату Тыңдалым: Есікте бар, тұтқада жоқ, Етікте бар, пимада жоқ. Ол қандай әріп? -Дурыс айтасыңдар. Ендеше бүгінгі сабағымызда біз қандай дыбыс және әріппен танысуды жалғастырамыз? Және білімдерімізді толықтырамыз? (Ү) «Серпілген доп» әдісі: өткенді пысықтау. — Ее дыбысының ерекшелегі қандай? -Ее дыбысы қандай дыбыс? — Дыбысты пен әріптің айырмашылығы неде? -Ее дыбысы сөздің қай жерлерінде кездеседі? — Е дыбысы кездесетін сөзге бір мысал. -Қазір қай мезгіл? Қандай мезгілдер сендерге ұнайды? Ендеше біз бүгін сіздермен бірге топпен жұмыс жасау үшін «қыс» және «жаз» тобы болып екіге бөлінейік. 1-топ: қыс 2-топ: жаз</p>	<p>Шаттық шебері</p> <p>Аудиожазба тыңдалады</p> <p>Допты қолдану</p> <p>Қыс және жаз мезгілінің суреттері</p>
<p>Сабақтың ортасы 8 минут</p>	<p>1-тапсырма. Оқылым. (ЖЖ) «Ұяшықтарды бояу» әдісі арқылы берілген сөздерге дыбыстық белгімен дауысты дыбысты қызыл түсті қарындашпен, ал дауыссыз дыбысты көк түсті қарындашпен белгілейді. Және сөзді оқиды, буында бөліп айтады.</p> <div data-bbox="655 817 1098 846" style="border: 1px solid black; padding: 2px; margin: 10px 0;"> <p>К ө б е л е к</p> </div> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> · Сөзді дұрыс буындап оқыды. · Дауысты дыбыстарды қызыл түспен белгіледі. · Дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгіледі. · Сөз неше буыннан құралғанын айтты. <p>Кері байланыс: «Шапалақ» әдісі арқылы оқушылар бір-бірін бағалайды.</p>	<p>Карточка, қызыл және көк түсті қарындаш</p> <p>Карточкамен жұмыс жасалды.</p>
<p>Сергіту сәті 1 минут</p>	<p>«Бала, бала, балақан» бейнежазбасы қосылады.</p>	<p>Сергіту сәтіне арналған жинақ</p>
<p>Қызықты тапсырма 8 минут</p> <p>16 минут</p>	<p>2-тапсырма «Галерия» әдісі. (жеке жұмыс) Тақтада әр табиғатта және қоршаған ортада кездесетін заттар мен жануарлардың суреттері беріледі. Оқушылар өздері тандаған суреттегі атты атап, Ее дыбысы сөздің қай жерінде кездесетін атайды және тиісті үйшікке орналастырады. Берілген суреттер: есік, елік, кесе, шие, сәукеле, әтеш және т.б.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> · Суретті өзі тандайды. · Суреттегі заттың атын атайды. · Ее дыбысы сөздің қай жерінде кездесетінін айтады. · Тиісті үйшікке орналастырады. <p>Кері байланыс. Смайликтер арқылы бағаланады.</p> <p>3-тапсырма. (ТЖ) Айтылым және тыңдалым. 1-топ: «Көрсет және әңгімеле» әдісі. Берілген сюжеттік суреттерді мазмұнына сай ретімен орналастыру. Ертегі құрастыр. Тақырып қой.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> · Сюжетті суретті мазмұнына сай ретімен орналастыра алады. · Сюжетті сурет бойынша ертегі құрастырады. · Тақырып қояды. <p>Кері байланыс. «Шапалақ» әдісі арқылы бағаланады.</p> <p>2-топ: «Сызбаны сөйлет» оқулықта берілген сурет бойынша және сызбаны пайдаланып сөйлем құрау.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> · Сюжетті суретке байланысты сөйлем құрай алады. · топпен жұмыс жасай алады. <p>Кері байланыс. «Шапалақ» әдісі арқылы бағаланады.</p> <p>(ӨЖ) дәптермен жұмыс. Жазу кезіндегі ҚТ сақтау. — Ее дыбысының жазылуын қайталау. (тақтада және ауада жазып көру). — Дәптердегі мен, сен, немере сөздерін көркем жазу. Оқушыларды қадағалап жүру.</p>	<p>Тақтамен жұмыс</p> <p>Үлестірмелік суреттер</p> <p>Сюжетті суреттер, желім, флипчарт</p> <p>Оқулықта берілген сюжетті суретпен жұмыс.</p> <p>Дәптермен жұмыс</p>

Сабақтың соңы 2 минут	Рефлексия «Бағдаршам» әдісімен сабақты қорытындылау. Тақтадаға берілген бағдаршамған берілген қыстырғыштарын әр оқушы орналастырады. — Түсіндім — Сұрағым бар — Түсінбедім	Бағдаршам, смайликтер мадақтау
Дифференциация – оқушыларға көбірек қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырмалар қоюды жоспарлап отырсыз?	Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеру жоспарыңыз?	Пәнаралық байланыс Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы АКТ Құндылықтармен байланыс (тәрбие)
Қолдау көрсету. Қабілеті жоғары оқушылар айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады.	Оқушылар өздері жасаған бет-бейнелеріне қарап бір-біріне көңіл-күйлерін айтады. (қуанышты, көңілді, көңілсіз, ашулы)	Өнер, ана тілі сабағы Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.